

**Тақырыбы:**

**Түрлі елдердегі құқықтық  
жүйелерінің еріктілік қызметін  
реттеудің нысандары мен әдістері**

**Орындаған: Өтегенова Л.**




## **Жоспар:**

1.Әр түрлі елдердегі еріктілер жұмысы.


2.Әр түрлі елдерде еріктілер қызметін ұйымдастыру

## Қызыл Крест Комитеті



1863 жылы швейцариялық коммерсант Анри Дюнанның бастамасымен жаралы адамдарға тұрақты көмек көрсету үшін құрылған. Бұл қоғам Қазақстан Республикасының Конституциясы мен 1992 жылғы Республика Президентінің Жарлығына сәйкес өз жұмысын атқарып келеді. Қоғам негізінен қарулы қақтығыстарда зардап шеккендерге көмектесу, табиғат апаттар жағдайында қол ұшын беру, халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына жәрдемдесу, халықаралық гуманитарлық құқықтық принциптерін орындау, шетелден мемлекетімізге гуманитарлық көмек ұйымдастыру, сондай-ақ ұлттық қоғамды нығайту жөніндегі жарғылық қызметіне сүйеніп жұмыс жүргізеді. Басқа қоғамдардан айырмашылығы – ел басына күн туған шақта, яғни қарулы қақтығыстар, соғыс кезінде, сондай-ақ ірі табиғат апаты жағдайында тек ұлттық Қоғам ғана заңды түрде шет мемлекеттерге шыға алады.

«Сорос-Қазақстан»  
қоғамдық  
қайырымдылық қоры



АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы «Ашық қоғамдық институтының» ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының қоғамдық қорлар жөніндегі заңына сәйкес Қазақстанда 1994 жылы құрылды. 1995 жылы шілде айында Әділет министрлігі арқылы тіркелді. Оның құқықтық құрылымы - қоғамдық қайырымдылық қор.

*«Сорос-Қазақстан» қоғамдық қайырымдылық қоры өз жұмысын Республикамызда коммерциялық негізде емес, білім, мәдениет, ғылым, құқық қорғау, азаматтық қоғам және қоршаған ортаны, денсаулық сақтау, тіл білімдері саласында жүзеге асырады.*

Ол тапқан табысының жартысына жуығын – шамамен 300 миллион америка долларын қайырымдылық мақсатқа жұмсайды.

## «Сорос-Қазақстан» қоғамдық қайырымдылық қоры

- мектептер үшін дәстүрлі ұйымдастыратын «Гранттар» деп аталатын сайыстың нәтижесінде жеңімпаз атанған 36 қала және ауыл мектептеріне 198000 АҚШ долларын сыйлыққа ұсынды;
- «XX ғасыр суретшілері» атты Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайында Алматы балалар көркем сурет мектебімен бірігіп ұйымдастырған оқушылар көрме өтті;
- ағылшын тілі бағдарламасы бойынша Британ кеңесімен келісе отырып, радио мен тележурналистер үшін арнайы курстар өткізуде;
- жоғары оқу орындарының студенттері мен мектеп бітірушілеріне оқуын шет елдерде жалғастыру үшін стипендиялар мен гранттар бөледі, халықаралық гуманитарлық ғылыми конференцияларға қатысатын ғалымдарға көмектеседі.

«SOS-  
Киндердорф  
Интернационал»  
қоры



Жетім балаларды қамқорлыққа алу мақсатында Алматыда «SOS-Қазақстан» балалар қалашығы ашты.



2001 жылы 23 маусымда Астанада «SOS-Киндердорф Интернационал» халықаралық қорының қамқорлығымен еліміздегі екінші балалар қалашығы ашылды.



Ал «SOS-Киндердорф Интернационал» қорының тарихы тіпті сонау 1949 жылдан басталады. Оның негізін қалаған Герман Гмайнер еді.


*Балалар  
қайырымдылық  
қорлары:*

Республикалық  
халықаралық  
«Бөбек» балалар  
қайырымдылық  
қоры

Алматы облыстық  
«Балбөбек»  
балалар қоры

Алматы қалалық  
«Бөбек» балалар  
қоры;

Алматы қалалық  
«Эльдани» балалар  
қоры





*Мүгедектерге қайырымдылық көмек қорлары:*

Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жалпы Ұлттық қайырымдылық қоры;

Республикалық «Бибі-ана» мүгедек әйелдер қоры;


«Жан» атты мүгедек балалары бар отбасына көмек қоры;

Республикалық мүгедектер қоғамы;

Ауғаныстан ардагерлер комитеті қайырымдылық қоры;

«Эльдорадо» Алматы қаласы Бостандық ауданы мүгедектер қайырымдылық қоры;

Қазақстан Республикасы Ардагерлер қоғамы.





## *Рухани қорлар:*

- «Шапағат» қайырымдылық қоры;
- «Иман» қайырымдылық қоры;
- «Қазығұрт» қайырымдылық қоры;
- Қазақстан Мұсылман Орта Азия комитеті қайырымдылық қоры;
- «Фатима» мұсылман әйелдерінің діни қайырымдылық ассоциациясы;
- «Ұшақтағы госпиталь» халықаралық ізгілік қоры;
- Халықаралық «Ақ ниет» ізгілік қоры;
- Мәдениет пен өнерді нығайтатын қор;
- Халықаралық рухани бірлестік конгресі қоры;
- «Абу-Даби» қайырымдылық қоры; «Қоныс» қайырымдылық қоры;
- Рухани және моральдік білім беретін халықаралық ұйымы;
- «Қожа Ахмет Иассауи» қайырымдылық қоры;
- Халықаралық «Нәзір» қоры;
- «Нұрила-Домалақ ана» қоғамдық қайырымдылық қоры

## **Тұрмысы төмен азаматтарға қайырымдылық көмек қорлары:**

- Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі жалпы ұлттық қор;
  - Д.А.Қонаев атындағы зейнетақы қоры.

## «VSO» ұйымы


Британиялық ұйым. Негізгі мақсаты – кедей елдердің өмір сүру деңгейін арттыру. Бұл ұйымдағы еріктілер балалар мен үлкендерді медициналық көмек көрсетуге үйретеді және қатардағы еріктілерден гөрі кәсіби еріктілердің қызметіне мұқтаж.

## «Conservation Volunteers» ұйымы


Бұл ұйымның негізі 1982 жылы қаланды. Қазір Австралия мен Жаңа Зеландияда ондаған бөлімшелерді қамтиды. Ұйым мақсаты – қоршаған ортаның тұрақтылығы мен тазалығын сақтау. Ерекше назар жер ресурстарына, тұрғындардың денсаулығына, табиғи байлықты сақтауға және ауыр жағдайлардан зардап шеккендерді қалпына келтіру жұмыстарына аударылады.

VSO» ұйымының еріктілері қатарында болғысы келетіндер мына талаптарға сай болуы шарт:

- Ағылшын тілін меңгеруі;
- 2 жыл кәсіби тәжірибесінің болуы;
- Жас шамасы 25-75 жас аралығында болуы;
- Кәсіби маман екенін растайтын құжаттарының болуы;
- Бағдарламаны 18 ай ішінде бастауға дайын болуы;
- Соттылығының болмауы.



## Волонтерлық лагерь



Қысқа мерзімді әлеуметтік жоба, көбіне 2-3 апта аралығында, әлемнің кез келген елінде құрылады. Жоба құрамы әр түрлі елдерден келген 10-20 еріктілерден тұрады (бір елден екі өкілден артық болмайды). Еріктілік лагеріне қатысу, бұл – басқа елдермен және олардың мәдениеттерімен танысуға, сонымен қатар уақытыңды өзіңе және айналаңдағыларға тиімді етіп өткізуге берілген ерекше мүмкіндік.

Тест

Қызыл Крест ұйымы Қазақстанда қай жылдан бері жұмыс жасап келеді?

А)1890

В)1992

С)1965

Д)1878

Е)2001

2. 1863 жылы шведиариялық коммерсант Анри Дюнанның бастамасымен жаралы адамдарға тұрақты көмек көрсету құрылған ұйым:

А) «SOS-Қазақстан»

В) *Халықаралық Қызыл Крест Комитеті*

С) Қызыл Ай Ұлттық Қоғамы

Д) «Эльдани» балалар қоры

Е) «VSO» ұйымы

3.Рухани қор:

А) Д.А.Қонаев атындағы зейнетақы қоры

В) Алматы қалалық «Эльдани» балалар қоры.

С) *«Шапағат» қайырымдылық қоры*

Д) Республикалық «Бибі-ана» мүгедек әйелдер қоры

Е) «Жан» атты мүгедек балалары бар отбасына көмек қоры



4. Мүгедектерге қайырымдылық көмек қоры:

A) *Ауғанстан ардагерлер комитеті қайырымдылық қоры*

B) «Иман» қайырымдылық қоры

C) «Қазығұрт» қайырымдылық қоры

D) Қазақстан Мұсылман Орта Азия комитеті қайырымдылық қоры

E) «Эльдани» балалар қоры

5. «Conservation Volunteers» ұйымының негізі қаланған жыл?

A) 1995

B) 1992

C) 1982

D) 1985

E) 1889

6. «SOS-Киндердорф Интернационал» қорының негізін қалаған:

A) Анри Дюнан

B) Джордж Сорос

C) Пьер Серезоль

D) *Герман Гмайнер*

E) Рахат Салимов.

### Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Левдер И. Добровольческое движение как одна из форм социального обслуживания // Социальная работа. М., 2006. № 2. С. 12–16.
2. Иконникова С.Н. Молодежь: социологический и социально-психологический анализ. Л., 1974.
3. Социальная работа с молодежью: учебное пособие / подред. Басова Н.Ф. М., 2007.
4. Маннгейм К. Диагноз нашего времени. М., 1992.
5. Холостова Е.И. Волонтеры // Словарь-справочник по социальной работе / под ред. проф. Е.И. Холостовой. М., 1997.

***НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ***